

Анамның тілін, бабамның салтын сақтаған қош келдің, ұлы мейрамым!

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

23 наурыз
жексенбі

№21 (2134)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІК БАР БҰЛ АУЫЛДА

Наурыз айы туғанда,
Той болушы еді бұл маңда.
Сақталушы еді сыбаға,
Сапарға кеткен ұлдарға,
Наурыз айы туғанда, – деп Ақсуат ауылы-
ның орталық алаңында шырқалып тұрған
керемет ән көңілге қуаныш ұялатады. Қалаға
қарасты Ақсуат ауылдық округінің тұрғын-
дары Наурыз мерекесін көтеріңкі көңіл,
жарқын жүзбен қарсы алды. Ауылдағы Наурыз
той ерекше болатыны анық қой. Осы мақсатта
Ақсуат ауылдық округінің Наурыз мерекесіне
куә болдық. Орталық алаңға жиналған қария-
лар, ақ жаулықты аналар амандық-саулық
сұрасып, төс қағыстырып, бірін-бірі құттықтап
жатты. Тойға келген халықтың қарасы қалын.
Жүздерінен шаттықтың лебі сезіледі. Себебі
Ұлыстың ұлы күні – Өз Наурыз мерекесінің
кашанда орны бөлек.

2-БЕТТЕ

ЖАҢА КҮННІҢ ТҮРІЛІП ШЫМЫЛДЫҒЫ...



Өнер орталығының маңында ине шаншар жер
жок. Жұртшылықтың Өз Наурызды асыға
күткенін байқауға болады. Алғашқы күндері
ұлпа қармен басталған наурыз айы жанға
шуақ сыйлап, маусым ауысар сәтінде ерекше
мейірлене кеткендей. Орталықтағы арнаулы
орынға өңірдегі әрбір сала қызметкерлері
өз алдына киіз үй тігіп, жанына ұлттық
құндылықтан хабар берер көріністер мен
көрмелер ұйымдастырған. Әрбір үйдің
жанындағы кішігірім сахналарда өнер
көрсетіп, ән шырқаған таланттарды көресіз.
Халық таң-тамаша.

Өнер орталығына бұры-
ла бере Әбдуәли Спанов
көшесінің екі жағына қаз-
қатар тізілген киіз үйлер
нағыз қазақы ауылдың
көшіп келгеніндей көрініс
сыйлайды екен. «Арда-
герлер үйі», «Құрылыс-
шылар үйі», «Үстаздар
үйі», «Батырлар үйі»,
«Кәсіпкерлер үйі» тәрізді
атау қойылып, әрбірі өзде-
рінің тарапынан ұлттық
құндылықты дәріптеуге
үлесін қосқан. Облыс әкімі

Нұрлыбек Нәлібаев пен
қала әкімі Нұржан Ахатов
және Мәжіліс депутаттары
мен ел ағалары осы киіз
үйлерді аралап, қойылым
мен өнерді, ән мен биді,
ұлттық дәстүрдің көрінісін
тамашалады. Облыс әкімі
Сыр жұртшылығын мереке-
мен құттықтап, өткен жыл-
дың толағай табыс сый-
лағанын, елдегі жемісті
бастамалардың жалғаса тү-
серін жеткізді.

2-БЕТТЕ



Бектай СҮЛЕЙМЕНОВ, бағбан:

«Қызылордада тал өспейді» деген пікірмен келіспеймін

Наурыз жақындағанда көшет егу мәселесі талқылана
бастайды. Жылдағы дәстүрмен тал егу науқанына
кірісеміз. Алайда еккен көшет көктемей қалса кінәні
жерге артып, қолды бір сілтей салатындар аз емес. Өріне,
тал егу, оны күтіп баптау тәжірибе мен шыдамдылықты
талап ететіні сөзсіз. Бектай атаны сырбойылықтар жақсы
біледі. Қаланың 60-70 пайызын жеміс ағашы, сәндік
талмен қамтамасыз етіп отырған бағбан жайында бұған
дейін де талай жазылып жүр. Дегенмен Наурыз мерекесі
қарсаңында бағбанның бағын көруге құмарттық. Қала
сыртында жарты ғасырға жуық ағаш өсіріп отырған
бағбанның үйіне барар жолдың машақаты бір бөлек екен.
Бұл туралы әңгіме соңында...

4-БЕТТЕ



«Біз келгенде мұнда киіз үй жоқ еді...»

Қазір киіз үй тігітіндерді саусақпен санайсыз.
«Қызыл қатпақ» енетіндей болып тұр. Әсірелеп айтқан
дәндей де ой жоқ. Ақиқаты солай болып тұр. Белкөл
кентіндегі ағайынды Қайруллаевтар осы олқылықтың
орнын толтырып жүр. Үлкені – Әлтай, кішісі – Сартай.
Ауыл ақсақалына айналған екеудің ұлттық құндылыққа
да қосып жүрген үлесі мол. Бір қуанарлығы, үлкендердің
балалары мен келіндері және немерелері де киіз үйдің
жасауына келгенде он саусағынан өнері тамған шебер.

4-БЕТТЕ

Төрдегі текеметке малдас құрып...



Сағатты кереге шаңырақ біреу,
Шаңыраққа сексен уық болар тіреу.
Алты қанат боз үй дейсің мұны,
Егер де білмей жатса біреу-міреу.
Ең алғаш күлдіреуіштен сығалар таң,
Керегенің басында адалбақан.
Төрдегі текеметке малдас құрып,
Көненің хикаясын шертер атаң.
Іргеден маңдай төсеп еспе желге,
Қымыз іш сырқат қалмас еш дененде.
Кесе қап, аяққап пен әбдіре, сандық,
Артық мүлік болған ба көшпелі елде, – деп ақын
жырлағандай, ұлтымыздың салт-дәстүрін айшықтайтын
киіз үймен бірге бағзы заманнан бері қолөнеріміз де
дамыды. Шешелеріміз жүн иіріп, бау тоқып, киіз басып.
Бізге сондай күндер мереке еді.

3-БЕТТЕ

Қасапшы



Ауыздығымен алысып тұрған құнанның тізгінін
қолға алды. Қорада байлаулы тұрған жерінен шылбырын
артқа қарай лақтырып, екінші қолымен қағып алды
да, дереу сүйрелей жөнелді. Токсан күнді толтырып,
жүз күнге жете уақытта бір орында тапжылмай тұрған
жылқы алдыңғы екі аяқты аспанға көтеріп, кісіней
жөнелді. Мұндайда қолына шылбырды сирек ұстайтын
адам абырап қалады. Ал күніге бес-алты жылқыны
қолимасын айтып, бауыздап жүрген Насраддин ағаға бұл
жай баланың ойынындай ғана нәрсе. Аспанға атылып
тұрған Қамбар ата төлінің қай-қайсысын да мысы басып
тұр. Онысы қасапшылығында емес, жылқының сырын
білетінінде болса керек.

3-БЕТТЕ

Қазақ «асық ойнаған азар» десе де, жақсы тілекті «асығың алшысынан түссін»
деп бастайды. 3000 жылдық тарихы бар бұл ұлттық ойын түрі қазір әлемдік деңгейде
танылып жүр. Бұған дәлел – жақында ғана өткен «Көшпенділер» сайысы. Еліміз
командалық сайыста топ жарып, алдыңғы қатардан көрінген еді. Қош, бүгінгі әңгіме
ұлттық спорт түріне айналған асық ойыны туралы болмақ.



АСЫҚ ОЙНАҒАН АЗБАЙДЫ

Сан ғасырлар бойы атадан балаға мұра
боп келе жатқан асық – әрі спорт әрі тәрбие
құралы. Бұл спортта барлық жаттығу
түрі қамтылған. Созылу, көздеу, дәлдеу,
қозғалыстың бәрі бар. Азыннан кешке дейін
аяқ жарылғанына да қарамай асық ойнап,
дорбаға жинап, оны сату ауыл баласының
кәсібі еді. Сол кездегі аула ойыны қазір
әлемдік деңгейдегі спортқа айналып отыр.
2011 жылы Асық ату федерациясын ашуға
Жомарт Сабыржанұлы зор үлес қосқан
еді. Содан бері асықтың тарихы зерттеліп,
жарыстар ұйымдастырылды. 2017 жылы БҰҰ-
ның комиссиясымен ЮНЕСКО-да қаралып
асық ойыны қазақтың ұлттық спорты болып
патенттелді. «Бір кездері асықты спорт етемін
деп жүргенде «малдың бәрін қырасындар ма?»
деп сенімсіздік танытқандар болып еді» деп
еске алды №235 мектептің дене шынықтыру
пәнінің мұғалім Райхан Наукеев.

Қай спортты алсақ та өзінің жаттығу
әдістері мен құрылғылары бар. Асық ойыны
спорт түріне айналғаннан соң оны дамыту
үшін біршама жұмыстар атқарылды. Мен
де ағаш ұстасына өз идеямды айтып, «асық
камба» ойынын жасап шығардым. Асықты

шиіріп ату мен дәлдікті қалыптастыру үшін
«асық қақпасы» жасалдым. Инклюзивті бала-
лардың дамуы үшін қызыл-жасыл асық-
ты пайдалану жобасы да жүзеге асуда, – дейді
асық ойынының бапкері Райхан Наукеев.

Бүгінде асық ойыны дамып келеді. Қазір
кәсіби асықшылар ойын кезінде малдың асығы
емес, арнайы материалдан жасалған асықпен
ойнайды. Ойын ережелері мен қоса асықтың
салмағы да стандартталды. Сақаның салмағы
28-30 гр. болса, ал жерге тігілетін асық 17
гр. болып бекітілді. Қазір мектептердің
көбінде асық спорты насихатталады.
Жақында ғана Астанада өткен «Алтын Сақа»
олимпиадасында №235 мектептің атынан
қатысқан Милена Цой «Бес асық» ойынынан
жүлделі оралды. «Ұлттық спорт түріндегі асық
ойындары» атты семинарға ұлттық ғылыми-
практикалық дене тәрбиесі орталығының бас
директоры Арман Ташметов те қатысты. Өз
кезегінде Райхан Наукеев көне дәуірдегі асық
ойынының шифрлы дәуірге ыңғайланған робот
түрін таныстырды. Асық ойынын роботты
көргенде жиынға қатысушылар тәнті болған
екен.

3-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ КИІМДІ ДӘРІПТЕГЕН ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ



Қазақтың ұлттық мәдениеті – ғасырлар бойы
қалыптасқан баға жетпес мұра. Бұл мұраны
сақтап, келер ұрпаққа жеткізу – әрбір саналы
азаматтың парызы. Қолөнер – осы ұлы міндетті
атқарудың маңызды бір қыры. Сол дәстүрлі өнерді
жаңғыртып, ұлттық нақышты заманауи әлеммен
үйлестірген шеберлердің бірі – Сабина Темірболат.
Сабинаның қолөнерге деген қызығушылығы бала
күнінен басталды. Ол жастайынан ою-өрнектерге,
ұлттық киім үлгілеріне қызығып, қолөнердің
қыр-сырын үйренді. Уақыт өте келе, бұл
қызығушылық кәсіби деңгейге көтеріліп, оның
қолынан шыққан туындылар қазақ мәдениетінің
айнасына айналды.

Бүгінде Сабина –
ұлттық киім киінген
қуыршақтар, заманауи
киімдер, сәнді
бұйымдар жасаумен
айналысатын шебер. Ол
әр қуыршақтың киіміне
ұлттық нақыш беріп,
бас киімінен бастап,
өрнектелген қамзолына
дейін тарихи мазмұнмен
үйлестіре отырып
жасайды.

4-БЕТТЕ

ЖАҢА КҮННІҢ ТҮРІЛІП ШЫМЫЛДЫҒЫ...

Талсуат ауылындағы №2 арнаулы қызметтер көрсету орталығы да жыл басы – Наурыз мерекесіне құралақан келмейті. Мекеме жанынан құрылған «Асыл әжелер» әжелер ансамблі қазақ әйелінің болмыс-бітімінен көрініс берді. Әсем дауыспен халық әндерін шырқады. Киіз үй жанында дайындалған бұрышта қол диірменді іске қосты. Күбі пісті, жүн түтіп, ұршық иіріп отыр. Кимешек киген қазақтың әжелері қандай әдемі дерсін?!

– Біз осы жерде ұлттық салт-дәстүрімізді көрсетіп, ұлттық сусындар мен тағамдарды келген көпшілікке ұсындық. Ұмытылып бара жатқан халықтың өнерін ортаға салдық. Халық келіп, көріп, қуанып кетіп жатыр. Өзіміз де ерекше көңіл-күйдеміз. Ұлтымыздың осындай ғажап өнері мен тұрмысын кейінгі ұрпаққа жеткізсек, қандай ғанибет. Бұл дәстүрді тек мерекеде ғана емес, күнделікті өмірде қолданатын әжелеріміз де көбейіп келе жатыр, – дейді орталық қызметкері Гүлсім Натишаева.

Қол диірменді қолға ұстап көрмеген жастар бар. Гүлмира Исаева әжесінің диірмен тартып, ас-ауқат әзірлегенін көріп өсті. Енді бүгін тек көрмеден ғана көре алатын құрылғыны өзінің қызына көрсетіп, таныстырып жатыр.

– Наурыз мерекесі тек жаңа жыл ғана емес, ұмыт қалған ұлттық құндылықтардың да жаңғыратын, қолға алынатын күні тәрізді. Міне, қызыма диірменді көрсетіп, таныстырып отырмын. Көзбен көріп, қолмен ұстағанның өзі ғанибет?! Қызым да ерекше сезімде екенін көрсетіп, таңырқап жатыр. Ұрпақтар кешегі күнімізді, қалай өмір сүргенімізді білу керек. Бұл – қазақтың өнері, қазақтың тарихы, – дейді ол.

Исатай Әбдікерімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің қызметкері Ұлжалғас Таппакова оқу орынын дайындаған көрмесін таныстырды. Мұнда ауылшаруашылық



дақылдарынан және студенттердің шығармашылығынан көрме қойылған.

– Біз ауылшаруашылық өнімдерінен көрме ұйымдастырдық. Қызылордада не шығады, соның барлығы осы көрмеге қойылды. Колледждің студенттерінің тәжірибе жинауына арнайылап жылыжай дайындағанбыз. Мына өнімдердің барлығы сонда шығады. Берекелі жыл болсын деген ырыммен осы бастаманы жасадық, – дейді Ұлжалғас Ишанбекқызы.

Киіз үйлерді аралап, сұхбат құрып жүрген сәтте халықтың барлығы бір жерге үйірілісе қалды. «Атамекен» әнін нақышына келтіре орындап тұрған бұл маңға мен де барсам, Сырдың сары баласы қолына микрофонды алып, ән шырмап, қасында бірнеше жас би билеп, өнер көрсетіп тұр екен. «Қайда жүрсем Атамекен» деп әуелеткен оның өнері мен белсенділігі ерекше байқалып тұр. Есімі – Исмаил, тегі – Бахрадинов, Кәрімнің ұлы.

– Мен Қармақшы ауданына қарасты III Интернационал ауылынан келдім. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алып жүрмін. «Достық» үйінде де белсенді жаспын. Қоғамдық іс-шараларда, мерекелік жиындарда өнер көрсетемін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Берекелі, табысты жыл болғай, – дейді ол.

Өңірдегі өнім өндірушілер де бұл Наурыз тойына белсене ара-

ласуда. «СПК Байқоңыр» әлеуметтік корпорациясының ұжымы бірқатар кәсіпкерлердің басын қосып, өндірген өнімдерін ұсынуда. «Байқоңыр» ӘКК басқарушысы директоры Мадали Әлішерұлы мұндағы өнімдердің барлығы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қолға алынған жобалардың нәтижесі екенін айтты.

– Біздің аймақта шығатын шұлықтан бастап кір жуғыш ұнтағы, сабын және жартылай дайын өнімдер, кобыз бен домбыра цехының өнімдері қойылды. Ұлттық колөнерден тігін шеберханасының өнімдері де осында тұр. Мұның барлығы қазіргі таңда толық жұмыс істеп тұр. Халық игілігін көруде. Наурыз тойында бізде осындай өнімдер бар екенін көрсетіп, халыққа ұсынып отырмыз, – дейді ол.

Қазақы қалпымыз бойымызды кернеп, ұлттың үні шығатын осы күні ұлттық ойындар да саптан қалмады. Келушілер арасында бес-асық ойыны ойнатылды. Қол күрес, гир тасын көтеру тәрізді білектің күшін танытар сайыстар да осында ұйымдастырылған.

Қала тұрғыны Дархан Бектұрғанов бүгінгі мерекеге отбасымен бірге келіпті. Жыл сайын қазақы жыл басын ерекше



қарсы алуды дағды еткен ол биыл да дәстүрінен жаңылмапты.

– Ана бастағы киіз үйден бастап, мына концерт болып жатқан сахнаға жетемін дегенше әжептәуір уақытым кетті. Кісі қызығар талай жиынды көріп келеміз. Ұлттық ойын, ұлттық дәстүр мен салтымыз – мұның барлығы бүгінгі мереке сахнасында болып жатыр. Балаларым қазақтың жүріп өткен жолын көргендей болды. Батырларды, тұрмыста қажетті көнерген заттарды көру арқылы көдімгідей ойда қалды, – дейді тұрғын.

Қазақта «қос тойың қабат, екі дүниең абат болсын» деген керемет сөз бар. Ұлыстың ұлы күнінде қызылордалықтардың қуанышы еселеніп, 135 отбасы баспаналы болды. Сырға келген қадірлі меймандар облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге тұрғындарға баспана кілтін табыстап, лебізін білдірді.

Сыр жұртшылығы жыл басын осылай қарсы алды. Наурыз – «жаңа күн» деген сөзден шыққан деп, жаңарып, тіршілік иесіне жан бітіп, бойына қан жүгірер маусымда Ақмешіттің арайлана түскені байқалды. Қазақтың тойы бітпесін!

Дәулет ҚЫЛАН, Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Бек ҚАЗИ, бағдарламашы, ойын әзірлеуші:

БӘЙГЕНІ ЦИФРЛЫ ОЙЫНҒА АЙНАЛДЫРУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ НАСИХАТТАҒЫМ КЕЛЕДІ

Ұлттық ойындар – қазақ халқының мәдени мұрасы, ұлттық рухтың көрінісі. Технологияның қарқынды дамуы бұл ойындарды жаңа форматта ұсынып, жастарға тиімді етуге мүмкіндік береді. Цифрлық әлемде ұлттық спорт түрлерін жаңғырту – жаңа буынның дәстүрге деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы. Осы орайда біз аймақта ұлттық ойындарды цифрландырып жүрген Бек Қазы Ғалымжанұлымен сұхбаттасып, оның «Бәйге» ойыны мен ойын индустриясындағы тәжірибесі жайлы әңгімелестік.

– Ойын жасаудағы тәжірибенің жайлы айтып өтсеңіз.

– IT және ойын жасау саласында 7 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келемін. Осы жылдар ішінде бірнеше жоба жасап, түрлі платформаларда тәжірибе жинақтадым. Бастапқыда қарапайым мобильді ойындардан бастадым, кейінірек «Unreal Engine» сияқты күрделі платформаларда жұмыс істеуді меңгердім.

– «Бәйге» ойынының идеясы қалай пайда болды?

– Бір күні фильм көріп отырғаныма, оның ішінде көптеген компьютерлік графика қолданылғанын байқадым. Осы сәтте өзіме «Мен 24 сағатта не істей аламын?» деген сұрақ қойдым. Қазақтың ұлттық спорты – бәйгеден шабыт алып, мұны цифрлық ойынға айналдыруға кірістім. Осылайша, 24 сағат ішінде «Бәйге» ойыны пайда болды.

– Ойынның негізгі мақсаты мен аудиториясы қандай?

– Бастапқыда ойын тек уақыт өткізу үшін жасалды. Бірақ оны аяқтағаннан кейін, оны Google Play-ге жариялауға шешім қабылдадым. Қазіргі уақытта ойынды кез келген адам ойнай алады. Google Play-де жас шектеуі +3 деп белгіленген, яғни балалар да, ересектер де ойнай алады.

– Ойын қандай жанрға жатады және қай платформаға арналған?

– Бұл пиксельді аркадтық жанрдағы мобильді ойын. Ол «Android» құрылғыларына арналған және оны кез келген адам тегін жүктеуі алады.

– Жобаны іске асыруда қандай технологиялар мен платформалар қолданылды?

– Ойынның негізгі геймплейін жасау үшін «Unreal Engine», ассеттерді іздеу үшін «Itch.io», UI дизайнын әзірлеу үшін «Figma», ал дизайнды кемшіліктерді түзету үшін «Adobe Photoshop» қолданылды.

– Ойынның басты ерекшеліктері қандай? Бәйге жарысы қалай көрсетілген?



– 24 сағат ішінде толыққанды жарыс симуляторын жасау қиын болғандықтан, ойын қарапайым, әрі қызықты болуға бағытталды. Ойында ойыншылар аттын кейбір параметрлерін жақсартып, түрлі деңгейлерде жарысуға мүмкіндік алады. Әр деңгейде мәреге дейінгі қашықтық өзгеріп отырады.

– Ойынды жасау барысында қандай қиындықтар болды?

– Аса қиындық болған жоқ. Бастапқыда уақыт шектеулі болғандықтан, толыққанды функционалды ойын жасауға мүмкіндік болмады. Бірақ бұл жоба өзім үшін үлкен тәжірибе.



– Ойын қашан және қай платформаларда ресми түрде жарық көреді?

– Қазіргі уақытта жобаға тағы да түзетулер енгізілуде, жақын арада ол Google Play-де пайда болады.

– Ойын тегін бе, әлде ақылы ма? Сатып алу мүмкіндігі бар ма?

– Ойын тегін. Ішінде сатып алу жүйесі жоқ, тек жарнама жүйесі енгізілген.

– Болашақта жаңа функциялар қосу жоспарыңызда бар ма?

– Иә, болашақта осындай ойындарды көбірек жасап, өз ойын студиямды ашқым келеді. Білікті мамандарды жинап, ірі жобалармен айналысуды мақсат етіп отырмын. «Бәйге» ойынына да жаңартулар енгізіп, ұлттық нақыштағы элементтерді толықтырып, оның геймплейін жетілдіру жоспарда бар.

– Ұлттық спорт түрлеріне негізделген жаңа ойындар жасауды жоспарлайсыз ба?

– Қазақстанды әлемге таныту үшін бірнеше жаңа жобаны іске асыру ойымда бар. Келешекте асық ату, көкпар секілді ойындарды цифрлық форматқа енгізуге болады деп ойлаймын.

– Жастарға айтар кеңесіңіз қандай?

– Менің ұстанымым – тоқтап қалмай, үнемі даму қажет. Жастарға айтарым: өз ісіңізді ақша үшін емес, жүрек қалауымен жасаңыз. Егер іске жан-тәніңізбен берілсеңіз, табыс өзіңізнен келеді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІК БАР БҰЛ АУЫЛДА

«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» атты мерекелік шара ұлттық киім киген ауыл тұрғындарының шеруімен басталды. Одан кейін түйе бастаған топты атқа мінген жастар жалғанған әдемі көрініс бүгінгі тойды тартымды ете түсті.

Ауылдағы Наурыз тойға қонақ болып келген қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев тұрғындарды мерекелен құттықтады. Ал Ақсуат ауылдық округінің қоғамдық кеңес төрағасы Өмірсерік Әбуов Наурыз тойдың өте жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтып өтті.

– Наурыз мерекесі жаңа жыл басы ретінде жаңғыра түсіп, халқымызбен бірге жасауда. Бұл күннің мақсаты халықты ізгілікке, ұйымшылдыққа, татулыққа, бірлікке шақыру. Наурыз – тоқшылық күні. Бұл күні қазан оттан түспейді. Әр үй наурыз көже істейді. Шамашарқы жеткенше ауыл халқы да Наурыз тойға үлес қосады. Ауылда мәдениет үйі, балабақша, емхана, мектеп, әкімдік сияқты мекемелер халыққа қызмет көрсетіп жатыр. Жер бусанып, көк шығып, тіршілік қайта түлейтін көктемнің шуақты сәті, молшылықты, жақсылықты, дәріптейтін мерекені қуана қарсы алып жатырмыз, – дейді ол.

Мереке күрес, арқан тарту, асық ату, ләңгі тебу, көкпар ойыны секілді спорттық ойындармен жалғасты. Ал алтыбақан аясына жиналған жастар мерекенің шыршайын келтіре түскендей. Мерекедегі жүрекке жылу сыйлаған көріністер ақсуаттықтардың бірлігі жарасып, берекесі артқан ауыл екенін дәлелдей түскендей.

– Бақ пен берекенің, ырыс пен құттың бастауы болған Наурыз мерекесі құтты болсын. Ауыл халқы бір-бірімен көрісіп, жағдай сұрасып, мерекені тамашалап

Басы 1-бетте

керемет көңіл күйде жүрміз. Көпшілікке бауырсақ пен наурыз көже ұсынылды. Ұлыс күні елімізге құт-береке әкелсін, – дейді ауыл тұрғыны Маржан Айтбаева.

Ұлттық құндылықты насихаттаған жәрмеңке

Бұл күні ауыл кәсіпкерлері ұсынған ұлттық бұйымдардан жәрмеңке ұйымдастырылды. Онда ұлттық тағамдар және қолдан жасалған түрлі бұйымдар қойылған. Жәрмеңкенің басты мақсаты – ұлттық колөнерді дамыту, ауыл кәсіпкерлеріне қолдау көрсету,



олардың жасаған бұйымдарын халық арасында кенінен насихаттау. Ақсуат ауылдық округінің тұрғыны Лаура Абдибекова колөнер бұйымдарын көрмеге қойыпты.

– Жәрмеңкеге үлесімізді қосу мақсатында колөнер бұйымдарын әкелдім. Мұндағы мақсатым мерекеге жиналған жұртшылық ұлттық нақышта киілген киімдерді көріп, ұлттық тағамдардан дәм татысын дедік. Ауыл тұрғындары кәсібімізге қолдау көрсетуде. Мұның өзі елдің бірлігін көрсетеді. Балаларға ұлттық киімді арнайы тапсырыспен

жылдан тоқшылық пен ырыс кұледі. Сол үшінде соның жоралғысы ретінде дастарханды толтырып, ұлттық тағам әзірлейді. Бүгінгі тойдың басты тағамы да – Наурыз көже. Ауылдың үлкенкішісі наурыз көжелем дәм татты. Гүлжанат Боздақбаева пен Ақжан Молдашова бастаған ауыл келіндері наурыз көжені дәмді етіп пісіріпті. «Бұл біз үшін жылдағы қалыптасқан дәстүр. Ұлыстың ұлы күні қазанымыз оттан түспейді. Келген қонақ наурыз көже ішеді», – дейді олар.

Белкөлдегі Наурыз той

Наурыз жер-жаһанның түрленіп, табиғаттың қайта түлейтін мезгілі. Бұл айда мерекелер шеруі салтанат құрады. Сол мерекелердің ең ғажабы – Ұлыстың ұлы күні мұсылман халқының жаңа жылы – 22-ші наурыз. Пісі қазаққа сән-салтанатымен жеткен шуағы мол мереке Сыр елінде тойлануда. Белкөл кентіндегі Наурыз тойына қатысшы, молшылық пен татулық, ізгілік пен ынтымақ мерекесіне куә болдық. Ұлттық құндылықты ұлықтаған салтанатты шара Наурыз бабаның батасынан бастау алды.



Көріп тұрмын даламды, Көріп тұрмын қаламды. Қызылордадай қаладан, Көрлім жарқын заманды. Құт мереке маңайым, Наурыз көктем, жана айың, Жер түлесін жанаша. Ақ мол болсын, ағайын!

Ақ батадан бастау алған мерекені Белкөл кентінің әкімі Жасұлан Саду ашып, кент тұрғындарын айтулы мерекелен құттықтап, бірқатар сала қызметкерлерін марапаттады. Мұнан соң

Ырымшыл қазақ халқы әу бастан қниге, қасиетті сандарға мән берген. Сол себепті бұл тағамды 7 түрлі дәмнен жасап, «құт-береке болсын» деп ниет етеді. Әлбетте, наурыз көжеге белгілі бір тағам түрін қосу керек деген арнайы нұсқау жоқ. Әркім қолындағы бар азық-түлігіне қарайды.

– Көбіне сүрленген жылқы етін қосқан дұрыс. Қазы-қарта, жал-жая да пайдалы. Сүр ет тоқтық береді, майлы ет жылулық береді. Сондай-ақ ұлттық астың құрамына міндетті түрде дән қосқан дұрыс. Мұндағы ниет «бір тамырдан өсіп-өнген дөңдей ұрпағымыз көп болсын» деген тілектен шыққан. Ал көженің басты тағамы ретінде сүтті міндетті түрде қосамыз. «Сүттей ұйып, бірлікте болайық», «Ақ мол болсын» деген ниеттің дәлелі. Сондай-ақ құрт қосуға да болады. Кез келген тағамның дәмін келтіретін түз себіледі, – деді Гүлжанат Боздақбаева.

Батаменен ел көгерер

Қазақ дастарханы халықтың кен пейіліне ұқсайды. «Дастарханың мол болсын, ниеттерің ақ болсын!» деп келетін бата да халқымыздың ақ көңілінен туса керек. Олай болса біз де бүгінгі торқалы тойда бата алуды ұмытпадық.

– Жыл басын, ізгілік пен мейірімділіктің, береке мен бірліктің мерекесін ауыл халқы ерекше көңіл күймен, ықыласпен қарсы алады. Біздің отбасымыз үшін де Наурыз мерекесі жақсылықтың белгісі. Әр күнді ерекше атап өтеміз. Ұлттық киім киіп, жастарға осы мерекені ұлықтауды мақсат етіп келеміз, – дейді ауыл ақсақалы Қойшығұл Ержүсінов.

Айтоқын БАТЫРБАҚЫЗЫ

Белкөл кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Сартай Қайруллаев белкөлдiктерге жылы лебізін білдіріп, ақ батасын берді.

Мерекелік шара аясында кенттегі мекемелер арасында ұлтымыздың салт-дәстүрін айшықтайтын келін түсіру, беташар рәсімінен көрініс қойылып, ұлттық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды.

Ынтымақ пен молшылықты паш еткен салтанатты шарада ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, ауыл тұрғындары наурыз көже мен ұлттық тағамдардан дәм татты.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ



Тәрдегі текеметке малдас құрып...



Әжелеріміз қазақтың әдемі әндерін құйқылжыта айтып, атшаптырым ақ отауды әуезге бөлейтін, ертегі айтатын, оны біз киіз үйге сыймай, іргезде отырып, ұйып тындайтынбыз. Кейде бейне бір тойға келгендей анамызбен киіз басуға ілесіп келген өңкей балақайлар сол үйдің ауласында ойынның базарын қыздыра түсетінбіз. Оқта-текте бізді жүн түту мен киіз білектеге көмекке шақыратын. Қайран қайта оралмас балалық шақтың естелігіне айналған ұлттық болмысымыздың бейнесін айшықтай түсетін ақ шаңқан киіз үйлеріміз көңілге қуаныш сыйлайтыны рас. Кейде көңілден кетпей, жүректе қимастық сезім қылан беріп, бал дәуреннің белгісіндей дүниені аңсайды екенсің. Ерте тұрып қараша үйдің түндігін ашуға таласатынбыз. Үлкен кісілер іргені түріп тастап, қызу әңгімеге кірісетін. Жаз бойы киіз үйде ұйықтаймыз.

Бір қуанарлығы, соңғы кездері киіз үйлер трендке айналып жатыр. Оны іздеушілер қатары да көбейген. Ал көнеден жеткен қазынаны өз қалпында сақтап, бау-шашағын жаңалап, безендіретіндер қатары саусақпен санарлық. Сондай шебердің бірі – Белкөл кентінің тұрғыны Гүлбану Райымбекқызы. Гүлбану қазақы болмысты жоғалтпай, енесінен үйренген тәлім-тәрбиені алтын үзіктей жалғап келе жатқан өнегелі келін. Оны киіз үйді тігуге алғаш баулыған енесі Барша Ерсултанова екен. 54 жастағы Гүлбану киіз үй тігу мен жинаудың жай-жапсарын толық меңгерген. Бүгінде оның 6 киіз үйі бар. Бұл кәсіппен айналысқанына 25 жыл болған.

Басы 1-бетте

«Ол күнде наурыз – жазғытұрым мейрам болып, наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнді «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен».

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

ҚАСАПШЫ

ішсе сусын еткен, терісін, киім еткен, етін жеп ас-арқау қылған. Бірақ деймін де, кейінгі ұрпаққа қарап, қатты ойланамын. Осы балалар бүгін тауық соя алмайды, ертеңгі күні біз кеткен соң не істейді? – деді қалың ойға түскен Насыр ағам.

Расымен, ойланып қалдым. Қасапшы ағамның мені жанына шақырып алып айтқанына қарағанда, «жай жүрмей, үйреніп ал» дегені... Ал біздің қол қалам мен қарағаша үйреніп қалған. Пышақты жатырқап қалатын шығар...

Насыр ағам алпамсадай денесімен пышақты қолға алып, мал терісін сыпырғанда да алдына қара салмайды. Өз кәсібінің шын жүйрігі дерсін. Қымылы қанбақтай ұшып жүрген бізден ширақ.

– Мәселен, міне, мына жылқының он екі мүшесін он екіге теңдей бөліп, үлестіреміз. Оны біліп отырсың ғой, – деп бастады маңдайдағы терін сүртіп отырып. – Көп адам осыдан қателеседі. Кейде біреуге сүйегі көбірек, еті аз кетеді. Ал тағы бірде керісінше. Қып-қызыл ақшаға сатып алып отырған тұтынушының не жазығы бар? Біз үшін тапсырыс берген әрбір адам бірдей, сондықтан теңдей бөлеміз. Осы тәртіп сақталса, қанеки.

Құдайдың жаратқаны ғой. Малды жығып, бауыздар алдында үнемі байқаймын. Пышақтың түсер орнын көрсетіп тұрып, «міне, мына жерде кәдімгі керткі бар. Бұл – пышақ салатын орын. Осы жерден бауыздасан, мал қиналмайды» деп бауыздар түстың бар екенін айтып отырады.

– Обал-сауапты білу керек. Пышағың өткір болсын. Малды қинауға болмайды. Ол да Құдайдың жаратқаны. Әрбір шаңырақта бір адам қолына пышақ ұстап, мал бауыздай алса, қандай ғажай! Қазір қолына балға ұстап, шеге қаға алмайтын балаларды көргенде қатты уайымдаймын. Біз өмір сүру жеңілдеген сайын қиналып еңбек етуді ұмытып бара жатқан тәріздіміз. Дегенмен көрген жерде айта жүремін. Балаларды еңбекке баулу керек. Ал малды сою, оны жіліктеу, етті қақтау дегеніңіз қазақпен біте қайнасып келе жатыр ғой. Біз содан ажырап қалмауымыз керек. Кімге қандай жілік тартуды білмей жатады. Кей жерлерде шекені апардар тісін қағуды ұмытып кетіп жатқандар да бар. Мұның барлығының түп төркіні тәрбиеде жатыр. Үйде айтылуы керек, – деді қасапшы аға.

Осыдан біраз жыл бұрын Насыр ағамның кіші ұлы Ернұрды мал сою үстінде көрдім. Екінші қасапшы Бұрхан мырамен бірге жіліктеп жатыр екен. Ол кезде Ернұр әрі кетсе 7-8 сыныптарда оқиды. Қолына балтаны алып, сүйекті жаңғырықтың үстіне қояды да, қасапшының айтқан жерінен тура бір шабады. Иә, бір-ақ рет шабады. Ол бір сүйекке екінші рет балта тигізбейді. Оның осы өнеріне тәнті болғаным бар.

– Талай жігітті тәрбиелеп келе жатырмын. Өзіңнің отбасының нәпакасын тапқаннан бөлек, сол кәсібің арқылы біреуге пайда тигізуді ойлау керек. Әрбір әрекетіңнің екіжақты пайдасы болғанда ғана, сен өзінді қоғамға керек сезінесің. Алдымен бір азаматқа үйретіп, кейін оны өз алдына мал сойып, жіліктей алатын деңгейге жеткізсем, бөлек шығарамын да, екінші бір шәкіртке үйрете бастаймын. Сол арқылы біз қазір бір үлкен ұжымға айналдық. Мен ол үшін қуанамын. Ал Ернұр балама келсек, ол – қазір әскери қызметкер. Бірақ ол қасымда жүргенде ешнәрсеге алаңдамаймын. Кәсіптегі ең мықты көмекшім. Сөзге жоқ, іске мығым, – деді ізбасар тәрбиелеудегі тәжірибесін айтқан ол.

«Алтайдан ауған ел»... Халифа Алтайдың осы бір кітабын оқып па едіңіз?! Сонда көшпенділердің тұрмысы халықты өнерге, қолда барды ұқсатуға баулығанын аңғаруға болады. Киімді де өздері мал терісін өңдеу арқылы дайындап, былғары дайындаудың шебері болып, қара теңіз жағалауындағы бауырлас елге соны үйреткен екен. Түріктер бізден үйренді деген осы...

Бұл арқылы айтпағымыз не? Мал шаруашылығын атакәсіп деп атаймыз. Қазақтың қанында бар өнер мен кәсіптің ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқаны да тарихтан мәлім. Дегенмен сол өнер мен кәсіптен ажырап қалмай, қанымызда бар дағдыны жоғалтып алмасақ, жарасар еді...

– Қазақ – ең көрген халық. Жылдың төрт мезгілін төрт түлікке арнаған ғой. Қазір кейде күніне 4-5 малға дейін соямыз. Орта есеппе шаққанда жылдың 365 күнінде бос емеспіз. Соған қарап, шүкір дейміз. Қазақтың дастарханы жиылмасын, төрінде буы бүркыраған ет тұрса, онда көңіліміз де тоқ, – дейді Насыр аға.

Қоржынына аспаптарын салды да, велосипедке мініп кетіп барарды. «Мені келесі үй күтіп отыр. Уақытым тығыз» дегенді де ұмытпады. Бойында бар өнерді өзгеге үйретуге бар күшін салып жүрген ел азаматының әрекетіне риза болып, алыстан қарап қала бердік...

Дәулет ҚЫРДАН,

Сурет Нұрболат Нұржаубайдың архивінен

Басы 1-бетте



Информатика пәнінің мұғалімі Асқар Қарасайұлы оқушылармен бірге бұл роботты 10 күнде жасап шығарған. Ұлттық ойындарды робототехника арқылы насихаттау тиімді болғанын көрсетті.

Асық спорты біздің мектепте жиі ойналады. Райхан Наукеевтің идеясымен бірлесе отырып робот ойлап таптық. Робот асықты ату үшін арнайы қозғалтқыштың көмегіне жүгінеді. Алдымен асық роботқа бекітіліп, пәрмен беріледі. Робот ату сызығына келіп, механизм іске қосылып, тігілген асықты атады. Алдағы уақытта оқушылармен біріге отырып асық ататын роботты жетілдіріп сайыстарға қатысу жоспарда бар, – дейді Асқар Беков.

Облыс аумағындағы ортағасырлық Кескен-Күйік қалашығынан қоладан құйылған екі асық табылды. Бұл – асық ойыны ерте заманнан, тіпті біздің заманымызға дейінгі кезеңде ойналғанының дәлелі десек те болады. Қазір асық спорты заманға сай түрленіп ережелері бекітілді. Жақын уақытта Францияға асық ойынын насихаттау үшін елімізден спортшылар барады. Ал асық спортының дамуына үлес қосып жүрген Райхан Наукеев әлі де асық ойнайтынын айтты. Сонымен қатар ол ұлттық спорт қыз қуу, теңге ілу ойынын ықшамдап сабаққа енгізген.

– Асық ойнамаған бала мен асық ойнаған баланы салыстырсақ, асық ойнаған бала шымыр, ширақ келеді. Өйткені бұл қимыл қозғалысты қажет ететін спорт. Облыс бойынша асықтан аға жаттықтырушы Азамат Кобеновтың қолдауымен спорт мектебінде асық үйірмесі ашылып, жаттықтырушыларға көңіл бөлініп жатыр. Бұл да болса асық спортының дамуына үлесі зор. Төрт қабырғада отырған қала баласын асық ойынына қызықтыра алсақ, бұл біздің жеңісіміз дейді, – Райхан Наукеев.

Басы 1-бетте

«Жұлдыздың» жігіттері мерекені атап өтті

Міне, көптен күткен көктем де келді. Өз Наурыз – жаңа күн, жаңа жыл басы, күн мен түннің теңесетін тұсы. Сыр көктемі адамға әсер беретін айрықша мезгіл. Осындайда:

Бұлбұл келіп басталды жыр көктемі,
Қызғалдақпен құлпырды қыр көктемі.

Көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтуғын, Керемет қой, керемет Сыр көктемі, – дегің келеді. Қаладағы «Шұғыла» шағын ауданының шырайы көгілдір көктемнің шуақты шұғыласымен ажарлана түскендей. Бұл шағын аудан темір жол торабымен іргелес болғандықтан екеуінің арасында төрт жолақты кең Қожа Ахмет Ясауи көшесі бар. Бұл көше бытыр кеңейтіліп, күрделі жөндеуден өткен болатын. Болат жолдың бойына жарық шамдар мен орындықтар орнатылып, демалыс орнына айналды десе болады. Жағалай тал шыбықтар егілген. Әсіресе, 24, 44, 45-ші көпқабатты үйлердің шығыс жақ беттеріне шағын плиталар төселіп, мрамордан жасалған орындықтар қойылған.

Қаладағы халыққа қызмет көрсететін «Жұлдыз» такси мекемесі осы аудандағы № 44-ші көп қабатты үйде орналасқан. Мекеме басшысы Хамит Ахметов істің көзін білетін білімді де білікті азамат. Компанияның жауапты қызметкерлері Бекзат Ерденев, Расул Шомекеев, Мирлан Нұрмағамбетов, Асылбек Мұратбаев, Арман Баекеев және оператор жігіттер мен қыз-келіншектер, көлік жүргізуші таксистер халыққа күндіз-түні қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Олар кісіні диттеген жеріне қауіпсіз және уақытылы жеткізуіне аса мән береді. Осыдан жиырма жыл бұрын ашылған «Жұлдыз» жұртшылыққа осылай адал қызмет атқарады. Мекеменің алды-артына әртүрлі ағаштар отырғызып, жылда ауланы абаттандырумен айналысады. Тазалыққа да аса мән беретін бұл ұжымға тұрғындар да дән риза.

Такси парк ұжымы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін айрықша атап өтті. Он екі қанатты ақ үй тігіп, ұжым мүшелерінің отбасы мен тұрғындарға наурыз көже берді. Басқа да ас мәзірі жасалды. Асық ату, арқан тарту, гір тас көтеру, қол күрес, қой көтеру секілді ұлттық спорт ойынының түрлері көңілді өтті. Жеңімпаздар ақшалай, заттай сыйлықтарға ие болды. Өн шашу, би мен күй мерекенің ажарын аша түсті. Жаксы тілектер айтылып, жиналған жұрт жасалып жатқан сый-құрметке ризашылығын білдірді. Ақсақалдар осы мерекелік іс-шараны ұйымдастырған ұжымға жүрекжарды тілектерін айтып, ақ батасын берді.

Қанжығалы ҚАЗЫБЕК



ЖОБА

«Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы»
Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №63-8/5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 63-8/5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8449-11 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы

ПРОЕКТ

О внесении изменения в решение Кызылординского городского маслихата от 14 сентября 2023 года № 63-8/5 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кызылорда»

Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ:

1.Внести в решение Кызылординского городского маслихатаот 14сентября2023года№63-8/5«Обутверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кызылорда» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8449-11) следующее изменение:

Правила оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кызылорда, утвержденные указанным решением, изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Кызылординского городского маслихата

Бектай СҮЛЕЙМЕНОВ, бағбан:

«Қызылордада тал өспейді» деген пікірмен келіспеймін



Шарбақ алдынан бізді Бектай ата күтіп алды. Жасы сексен беске жакындаса да бауатты ол 35 жыл бойы бағбандықпен айналысып келеді. Осы уақытқа дейін 2 миллионнан астам көшет отырғызып, мол сауапқа кенелді десек артық емес.

– 1990 жылы осы жерге шаруашылықпен айналысу үшін көшіп келдім. Ол кезде бұл жерде сауысқан мен қарғадан басқа ештеңе жоқ еді. Басында аздап тұқым сеуіп, жеміс бергенше қой бақтым. 2 жыл ішінде қойдың санын 300-ден асырдым. Қойдың бәрін сатып, бағбандық кәсіпке кірістім. Қазір көшетті дәннен шығарамын, – дейді Бектай Сүлейменов.

Қызылордада қысы-жазы жел ұйытқып тұрады, ауасы құрғақ, топырағы тұзды. «Сыр бойында қара ағаштан басқа тал өспейді» деген түсінік те қалыптасқан. Бағбан баптаған бақты аралап жүріп қасаң пікірімізді өзгерттік. Тіпті жасыл желек туралы әңгіме қозғау Қызылордаға сай келмейтіндей көретін едік. Бірақ біз көрген арша, жергілікті қарағай, туя таңғалдырмай қоймады. Бағбанның бағында ағаштың 20-дан астам түрі бар екен. Бектай Сүлейменов әр қайсысын мұқият таныстырып жүр.

– Мамандығым – ағаш өсіру. Алматы ауылшарушылық институтында оқыдым. Ол кезде оқу бес жылға созылатын. Сонда жыл сайын тәжірибе алу үшін Солтүстік Қазақстанға жіберетін. Мен деканға жолығып Оңтүстіктен келгенімді айтып, бізде қарағай өспейтінін жеткіздім. Мені Өзбекстанға жіберіңіз деп сұрандым. Содан институт тарапы көрші елмен келісіп, сол елге кеттім. «Қазақстаннан студент келіпті» деп Өзбекстанның қазақтары мені күнде қонақ қылатын, – деп еске алды бағбан.

Табиғатпен етене болғандықтан шығар, бағбан әлі тың. 5 гектар аумақтың шаруасын бір өзі дөңгелетіп жүр. Сексеннің сенгіріне шыққан қария ағаштың бәрін өзі баптайды. Тыным таппай жасаған әр істің соны жемісті болатыны сияқты, айнала жайнап тұр. Мұнда сәндік ағаштармен қатар жеміс ағашының 10-нан аса түрі бар. Алма, шие, жүзім, өрік, алмұрт тағы да басқа өңірге таңсық қылқан жапырақты ағаштардың түр-түрі бар. Тәжірибелі бағбаннан алма өсірудің әдісін де үйреніп алдық.

– Мамандығымыздың жемісін көріп келемін. Білгенімді балаларыма үйретіп жүрмін. Қызылордада тал өспейді деген пікірмен келіспеймін. Тауда өсетін долана деген ағашты өсіріп, жемісін жеп отырмын. Алма көшетін егу үшін тамыр мойнынан төрт елі алып көму керек. Содан кейін су берсең болды өзі өсе береді. Ешқандай тынайтыңш пайдаланбаймын, – дейді ақсақал.

Сұхбатқа біз барғанда бағбаннан көшет сұрай келгендердің қарасы қалың екенін көзбен көрдік. Көшет алуға келген тұрғындардың айтуынша, ертерек келмесе бағбанда көшет қалмайды екен. Өткен жылы көшет алып үлгермей қалғанын да жасырмады. Өрине, қалада сатылатын көшет көп, алайда Бектай атадан алуға келетіндердің қатары тіпті көп. Көктем шыға тапсырыс беріп кететіндер де аз емес.

– Жеміс бағын күні-түні күтіп-баптап, пайдасын көріп отырмын. Мысалы, қазір сұранысқа ие аршаны, туяны 6 мың теңгеден өткіземін. Ал жеміс ағаштарының көшеті 600-700 теңгеден басталады. Біздегі базар оңтүстіктің көшетіне толы. Сырттан келген көшеттердің бізге келем дегенше өте нәзік, жіңішке тамыры кеуіп кетеді, жолда бүлінетіні тағы бар. Мен өсіріп отырған ағашты олар екі есе қымбатқа сатады, – дейді Бектай Сүлейменов.

Әңгіме басында жол машақаты туралы сөз қозғаған едік. Бағбан 34 жылдан бері жол азабын тартып келеді. Көктемде жаңбыр жауса, мұнда көлік кіре алмайды. Қалаға бару үшін жаюлатып үлкен жолға шығып, көлік тоқтауға мәжбүр.

– Жолдың жағдайын айтып, талай табалдырықты тоздырдым. Біз сияқты шаруашылықпен айналысып отырған бағбандарға да көмек көрсетсе деймін. Мысалы, шетелде шаруашылықпен айналысатын кәсіпкердің жол, жарық, суын тартып береді. Өркеніетті ел боламыз десек сол елдерден үлгі алып, қарапайым шаруаларды қолдасақ, – деген ниетін жеткізді Бектай Сүлейменов.

Біз көрген бақ іші, ауасы да көңіл қуантады. Бектай ата жеміс ағаштарының бабын келтіріп жүр. Бағбан әр талын еркелеткендей ме, әйтеуір сырласып жүргендей көрінді. Ішкі мұның да осыларға айтатындай. Бақтың көз тоймас көрінісіне сүйініп, біз де қариямен қимай қоштастық.

Думан КЕҢШЛІК

Басы 1-бетте

Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



Белкөлдін Наурыз тойы өтіп жатыр. Ығы-жығы халықтың арасында жүргіе ойнаған балалар көп. Үлкендер жағының аузы берік, ораза айы болған соң жиынға асықпады. Арасында айналадағы жұртпен әзілі жарасып, ортасын думандатып жүрген екі ақсақал жүр. Бұл ағайынды Өлтай мен Сартай Қайруллаевтар еді... Әңгіменің төркінін Өлтай ақсақал әріден бастады.

– Біз мұнда 1996 жылы Қармақшы ауданының Жанакала ауылынан келдік. Ол кезде мұнда киіз үй тігетін адам жоқ еді. Өке-шешеміз Қайрулла – Нәзира Әбуовтер қой баққан. Көшіп-қонып жүрерге хан ордасындай киіз үйлері болды. Бірін ондауға қойса, екіншісі бар. Жайлауға барған соң жалғыз үй тікпейсін. Бірнешеуін қатар тігеміз. Міне, бала кезден көргеніміз, тұрмысымыздағы бар дүниені осында келіп, кәсіпке айналдырдық. Баршағұл құдағайымыз кәсіп етіп бастады, біз де ілесіп, білмегенімізді үйреніп, ауылдан қаланың өміріне төселіп, қоғамдық жиындарға үй тіге бастадық, – деді ағайындылардың үлкені Өлтай ақсақал.

«Жақсы әке балаға қырық жыл азық» дейді қазақ халқы. Өмірден көрген-білгені мен көңілге түйгенін балалардың санасына сіңіре жүрген ата-ананың арманы да сол баланың өзінен асып түсуі емес пе?! Ауылдан қалаға келгенде бұл кісілерге ата-анасының берген бағыт-бағдары мен үйреткен өнері кәсіпке айнала кетті. Қойшы ауылда жайлауда тігілетін үй қалаға келіп, мерекелердің төрінде әкім-қаралар кіретін ордаға айналды.

– Қайсыбір жылы қарт Қаратаудың бөктерінде өткен малшылар слетінде менің тіккен үйім сол жердегілердің алды болды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мырза тамсанып кетті. Одан кейінгі жылы «әкім айтқан үйді тігіндер» деп менің үйіме құда түскендер көп болды, – деп күлді Өлтай Қайруллаұлы.

Атадан қалған өнерді бір жыл жиып, қазақы қалпын бұзбаған қариялардың әрбір сөзінде ұлтқа, елге деген махаббат, ұлттық өнерге деген құрмет жатыр. Шежіре мен тарихтың тамырын тартып, әріден әңгіме айтатын дуалы ауыздардың аузын бақтық. Шіркін, әрбір үйдің төрінде осындай жол көрсетер қариялар тұрса, көңіл шіркін, әр

Басы 1-бетте

ҰЛТТЫҚ КИІМДІ ДӘРІПТЕГЕН ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ

Ұлттық киім – қазақтың рухани коды

Сабина ұлттық киімдердің сәндік қана емес, рухани маңызы зор екенін ерекше атап айтты. Әрбір ою-өрнек, әрбір түстің үйлесімі белгілі бір мағынаны білдіреді.

– Қазақтың ұлттық киімдері – ата-бабаларымыздың өмір салтының көрінісі. Әр өрнек, әр түстің өз тарихы бар. Мәселен, шапаның тігілу тәсілі, киімешектің әр қыртысы халқымыздың өмірлік философиясынан сыр шертеді. Сондықтан мен әр қуыршақты тіккенде, осы тарихи элементтерді толық сақтауға тырысамын, – дейді шебер.

Оның қолынан шыққан қуыршақтар тек әсемдігімен ғана емес, ұлттық болмысты бойына сіңірген ерекше дүние ретінде құнды. Қолөнер бұйымы қазақ мәдениетіне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік беріп, дәстүрімізді бағалауға, ұлттық болмысымызды т а н у ға көмектеседі.

Басы 1-бетте



«Louis Vuitton» бағдарламасынан өткен жас шебер

Сабинаның таланты шекара асып, халықаралық деңгейде танылды. Ол сән индустриясының алыптарының бірі – «Louis Vuitton» компаниясының «Creation & Branding» және «Retail & Customer Experiences» бағыттары бойынша кәсіби оқыту бағдарламасына қатысып, халықаралық сертификатқа ие болды.

– Бұл бағдарлама маған сән әлемінің жаңа көкжиегін ашты. Мұнда мен бренд қалыптастыру, тұтынушылық тәжірибені дамыту

және сән индустриясының заманауи тенденцияларын зерттеуге мүмкіндік алдым. LVМН ұсынған білім мен тәжірибе менің шығармашылығыма тың серпін берді, – дейді Сабина.

«Louis Vuitton» бағдарламасы аясында ол әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған талантты шеберлермен тәжірибе алмасып, сән индустриясының құпиясын меңгерді. Бұл тәжірибе оның ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдарын жасау ісіне жаңа көзқараспен қарауына сеп болды.

Ұлттық өнердің заманауи үлгісі

Сабина жасаған қуыршақтар мен әшекейлерге шетелдіктер де назар аударуда. Оның қолынан шыққан бұйымдар – ұлттық өнер мен заманауи сәнді туындылар.

– Әр бұйымның артында үлкен ізденіс пен махаббат жатыр. Ұлттық өнердің қадірін түсіну және оны қазіргі заманға бейімдеу – тек шеберлікті ғана емес, жүрекпен сезінуді талап етеді. Әрбір ою, әрбір өрнек – біздің мәдениетіміздің мәні, оны дұрыс жеткізу – үлкен жауапкершілік, – дейді ол.

Қолөнер шебері заманауи сәнді жаңа қырынан қарастырып, қазақи нақыштағы ерекше әшекейлер жасап, ұлттық өнерді жаңаша дамытып келеді. Ол ұлттық бұйымдарда заманауи трендтермен үйлестіріп, бірегей стильдегі сәндік бұйымдар жасайды. Сабина Темірболат ұлттық өнерді жаңғыртуға үлес қосып келе жатқан талант иесі.

Оның шығармашылығы ұлттық мәдениетті дәріптеуге, оны жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Ол ұлттық киім үлгілерін, дәстүрлі нақыштарды заманауи сәнмен үйлестіре отырып, қазақ мәдениетін әлемге танытып келеді. Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік, ізденіс пен шеберліктің арқасында қазақ мәдениетін тек елімізде ғана емес, жаһандық деңгейде насихаттап жүрген қазақ қызының еңбегіне тәнті болдық.

Ақсағаз ҚАЛАМҚЫЗЫ

Газеттің келесі саны 29 наурыз, сенбі күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4403 Тапсырыс №443

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН